

ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

ФИЛОСОФИЯ ЖӘНЕ САЯСАТТАНУ ФАКУЛЬТЕТІ

ДІНТАНУ ЖӘНЕ МӘДЕНИЕТТАНУ КАФЕДРАСЫ

Факультеттің Ғылыми Кеңес мәжілісінде

Бекітілді

Факультет деканы

_____ Мейрбаев Б.Б.

№ 1 хаттама 02.09.2025 ж.

**«8D02204 - исламтану» мамандығы 1 курс докторанттарына арналған
«Мұсылмандық құқық және шариғат мақсаттары» пәні бойынша**

ЕМТИХАН БАҒДАРЛАМАСЫ

5 кредит, 1 курс, орыс бөлімі, күзгі семестр

Алматы 2025 ж.

Пән бойынша қорытынды емтихан бағдарламасын дайындаған Дінтану және мәдениеттану кафедрасының доценті Қ.С. Бағашаров.

Кафедра мәжілісінде қаралып, ұсынылды.

«29» 08. 2025 ж., хаттама № 1

Кафедра меңгерушісі _____ Құрманалиева А.Д.

Кіріспе

Пән бойынша қорытынды емтихан түрі – жазбаша (offline). Емтихан сұрақтары пән бойынша оқытылған дәріс, семинар және СӨЖ тапсырмаларының барысында құрастырылады. Емтиханға дайындық барысында курстың негізгі теориялық мазмұнын, терминология мен әдістерді де қайталау қажет.

Емтихан өткізу ерекшеліктері: емтихан барысында студент емтихан сұрақтарына белгіленген кестеге сәйкес, жазбаша жауып береді. Жоғары ажыратымдылықтағы бейнекамералары бар және дыбыс жазылатын аудиториялар мен дәріс залдарында offline режимінде өтеді.

Пәннің мақсаты: Докторанттарды ислам құқық жүйесінің теориялық негіздерімен, шариғат нормаларының мақсаттарымен (мақасид аш-шариа), тарихи қалыптасуымен және қазіргі заманғы құқықтық, әлеуметтік, биоэтикалық, экономикалық мәселелерге қатысты қолдану тетіктерімен таныстыру. Пән аясында ислам құқық ғылымының мазмұны, құқықтық мектептер мен мәзһабтар ерекшеліктері, шариғаттың негізгі қағидаттары мен мақсаттары, сондай-ақ заманауи ислам құқықтық кеңестері мен пәтуалар талданады. Бұл пән студенттердің мұсылмандық құқықты ғылыми тұрғыда түсіну, бағалау және қазіргі жағдайға бейімдеу қабілетін дамытуға бағытталған

Оқыту нәтижелері:

- Ислам құқық жүйесінің негізгі теориялық бағыттарын, шариғат мақсаттарын және құқықтық негіздерін меңгеріп, оларды ғылыми тұрғыда талдай білу;
- Шариғат нормаларының әлеуметтік, экономикалық және биоэтикалық салалардағы қолдану мүмкіндіктерін бағалап, заманауи мәселелерге қатысты ислам құқықтық ұстанымдарды түсіндіре білу;
- Мәзһабтар арасындағы құқықтық айырмашылықтарды, құқықтық шешімдердің негіздерін және ислам құқық кеңестерінің пәтуаларын саралап, олардың тиімділігін талдай білу;
- Мұсылмандық құқық және шариғат мақсаттары пәніне қатысты ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізіп, өз көзқарасын дәлелдеп, аналитикалық және рефлексиялық тұрғыда бағалай білу;
- Пәннен алған білімін болашақ кәсіби және ғылыми қызметінде қолдануға, ислам құқығы саласындағы құзыреттілігін дамытуға бағыттай білу.

Емтиханды өткізу формасы

СТАНДАРТТЫ ЕМТИХАН: ЖАЗБАША.

Жазбаша емтихан тапсыру процесі емтихан билетін автоматты түрде құруды қамтиды. Білім алушыға мәтінді берілген сұрақтар бойынша жазбаша жауап қалыптастыру қажет. Оқытушы Univer АЖ (univer.kaznu.kz) сұраулығына пән бойынша әзірленген емтихан сұрақтарын жүктейді. Әр билет үш блокқа бөлінген сұрақтардан тұрады.

Оқытушы Univer АЖ (univer.kaznu.kz) сұраулығына пән бойынша әзірленген емтихан сұрақтарын жүктейді.

Әр билет үш блокқа бөлінген сұрақтардан тұрады.

Бірінші блокқа оқыту объектісін білу мен түсінуді бағалайтын когнитивті (білімділік) құзыреттілік сұрақтары енеді. Бұл студенттердің оқыту аймағындағы алдыңғы қатарлы білімді түсіну мен білімін көрсету қабілетін қамтиды.

Екінші блокқа ақпаратты қолдану және талдау іскерлігін бағалайтын функционалдық құзыреттілікті анықтайтын сұрақтар кіреді. Бұл студенттердің зерттеу аймағындағы дәлелдерді қалыптастыру мен негіздеу және мәселелерді шешу арқылы өз білімін қолдана білуі және түсінуін қарастырады.

Үшінші блокқа ақпаратты синтездеу және бағалау іскерлігін анықтайтын жүйелік құзыреттілік мәселелері кіреді. Мұнда студенттердің пікірлерді дәлелдеу, эссе жазу, шығарма жазу қабілеттері бағаланады.

Пән бойынша қорытынды емтихан 15 апталық оқытудан кейін жүргізіледі. Емтихан түрі – жазбаша

Емтихан тапсыруға дайындалуға арналған тақырыптар:

1-тақырып. «Мұсылмандық құқық және шарифат мақсаттары» пәнінің мақсаты мен міндеттері

2-тақырып. Исламда адам құқықтарына қатысты мәселелер: жеке құқықтар және сенім бостандығы

3-тақырып. Имам әш-Шатибидің жүйесі бойынша шарифат мақсаттары

4-тақырып. Фикһ ілімінің мақсаты мен маңызы. Жахилия кезеңіндегі құқықтық жүйе

5-тақырып. Исламда отбасы құқығы және ата-ана құқықтары

6-тақырып. Ар-намыс пен қадір-қасиетті қорғау мәселесі

7-тақырып. Исламда меншік құқығы және оның шарифаттағы орны

8-тақырып. Исламда әлеуметтік әділеттілік және фикһ ілімінің басқа ғылымдармен байланысы

9-тақырып. Мұра құқығы: үлес, өсиет, мұрагерлік ережелері

10-тақырып. Ижтихад теориясы және фикһтың бастапқы кезеңі

11-тақырып. Қылмыстық құқық: қисас, дият, тазир жүйелері

12-тақырып. Сот ісін жүргізу құқығы және дәлелдемелер жүйесі

13-тақырып. Шарифат мақсаттары мен фикһ әдістемесі арасындағы байланыс

14-тақырып. Экономикалық құқық: зекет, ислам банкингі, риба тыйымы

15-тақырып. Джувайни, әл-Ғазали, Иззиддин Ибн Абдисалләм, Карафи және Шатыби түсінігіндегі шарифат мақсаттары

Ұсынылатын әдебиеттер:

Негізгі:

1. Құрбанұлы Сансызбай. Шарифат мақсаттары. – Алматы: 2018.
2. Азаматов, Р. И. Теория целей шариата и её связь с источниками исламского права: учебное пособие / Азаматов Р. И. [Текст]. – Уфа: Изд-во БГПУ, 2020. – 124 с.
3. Имаммади Т. Ислам құқығына кіріспе. – Алматы: Нұр-Мұбарак баспасы, 2021. – 240 б.
4. Ислам құқығы негіздері. Әділбаев А., Әділбаева Ш., Оқан С. Ислам құқығы негіздері. – Алматы: Муфтият баспасы, 2024. – 496 б.
5. С. Шоқанов., А. Рахимов. Усул әл-фикһ (Ислам құқықтарының негіздері). – Алматы: 2021. 148 б.

Қосымша:

1. Джассер Ауда. Макасид аш-шариа как философия исламского права. Системный подход. – Баку: Общественное Объединение «Идрак», 2018. - 246с.
2. Сюкияйнен Л.Р. Основы теории исламского права: учеб. пособие. — СПб.: Изд-во С.-Петербур. ун-та, 2019. — 163 с.

3. Абу Захра, Мухаммад. Малик: хаятуху ва асруху – арауху фикхыййа / Мухаммад Абу Захра, (на ар. яз.). – Каир: Дар аль-фикр аль-араби, 1371/1952. – 500 с.
4. Али Хасабаллах. Усуль ат-ташриг аль-ислями / Али Хасабаллах, (на ар. яз.). – Каир: Дар аль-фикр аль-араби, 1997. – 380 с.
5. аль-Анбаки, Маджид Хумайд. Асар аль-маслаха фи ташриг аль-ахкам байна аннизамайн аль-ислями ва аль-ингилизи / Маджид Анбаки, (на ар. яз.). – Багдад: [б.и.], 1971. – 366.

Интернет ресурстар

1. filosofedu.ru
2. https://studme.org/59969/religiovedenie/filosofiya_religi
3. https://ido.tsu.ru/other_res/hischool/filreleggii/
4. <http://elibrary.kaznu.kz/ru>

БАҒАЛАУ САЯСАТЫ
BAK/MAG/DOC СТАНДАРТТЫ ЕМТІХАН: ЖАЗБАША

№	Критерий/ балл	Дескрипторлар				
		Өте жақсы 90–100% (27–30 балл)	Жақсы 70–89% (21–26 балл)	Қанағаттанарлық 50–69% (15–20 балл)	Қанағаттанарлықсыз 25–49% (8–14 балл)	0–24% (0–7 балл)
1 сұрақ 30 балл	Курс теориясы мен тұжырымдамаларын білу және түсіну	«Өте жақсы» деген баға сұрақтың жан-жақты түсіндірмесі, әрбір қорытынды мен мәлімдеме үшін егжей-тегжейлі дәлелі бар, логикалық түрде құрастырылған және әзірленген тақырыптардан мысалдармен расталған жауап үшін қойылады.	«Жақсы» деген баға сұрақтың толық, бірақ толық емес қамтылуын, негізгі ережелердің қысқартылған аргументтерін қамтитын және материалды беру логикасы мен реттілігін бұзуға мүмкіндік беретін жауапқа қойылады. Жауапта стильдік қателер мен терминдерді дұрыс қолданбауы кедергі келтірмейді.	«Қанағаттанарлық» бағасы билетте ұсынылған сұрақтарды толық қамтымаған, негізгі ойларды үстірт дәлелдейтін, баяндаудағы композициялық теңгерімсіздіктерге, материалды баяндау логикасы мен реттілігін бұзуға жол берген жауапқа қойылады. Әзірленген жазбаларынан мысалдармен теориялық ойлары көрсетілмейді.	Қойылған сұрақтарды дұрыс қамтымау, қате дәлелдеу, фактілік және сөздік қателер, дұрыс емес қорытындыны болжау.	Негізгі ұғымдарды, теорияларды білмеу...; Қорытынды бақылауды өткізу ережесін бұзу.
2 сұрақ 30 балл	Таңдалған әдістеме мен технологияны нақты практикалық тапсырмаларға қолдану	Оқу тапсырмасын толық орындау, қойылған сұраққа егжей-тегжейлі, дәлелді жауап беру, содан кейін курстың практикалық мәселелерін шешу;	Оқу тапсырмасын ішінара орындау, толық емес, курстың практикалық мәселелерін толық шешпей қойылған сұраққа дәлелді жауап беру; курс бойынша ғылыми тіл нормаларын сауатсыз пайдалану;	Материал фрагменттелген, логикалық дәйектілікті бұза отырып, нақты және семантикалық дәлсіздіктерге жол беріледі, курстың теориялық білімі үстірт қолданылады.	Тапсырманы шешудің ұтымсыз әдісі немесе жеткілікті ойластырылмаған жауап жоспары; тапсырмаларды шешпе алмау, тапсырмаларды жалпы түрде орындау; нормадан асатын қателіктер мен кемшіліктердің	Тапсырмаларды шешу үшін білімді, алгоритмдерді қолдана алмау; қорытынды және нәтиже жасай алмау. Қорытынды бақылау жүргізу қағидаларын бұзу.

№	Критерий/ балл	Дескрипторлар				
		Өте жақсы	Жақсы	Қанағаттанарлық	Қанағаттанарлықсыз	
		90–100% (36–40 балл)	70–89% (35–28 балл)	50–69% (27–20 балл)	25–49% (19–10 балл)	0–24% (0–9 балл)
3 сұрақ 40 балл	Таңдалған әдістеменің ұсынылған практикалық тапсырмаға қолданылуын бағалау және талдау, алынған нәтиженің негіздемесі	Ғылыми ұстанымды және қолданылған әдістеме мен технологияны дәйекті, қисынды және дұрыс негіздеу, сауаттылық, ғылыми тіл нормаларын сақтау, жалпы дұрыс тұжырымдарға әсер етпейтін материалды ұсынуда 1-2 дәлсіздікке жол беріледі (+графикалық деректер арқылы негіздеу нәтижелерін визуализациялау).	Тұжырымдамалық материалды пайдалануда 3-4 дәлсіздікке, жалпылау мен тұжырымдардағы кішігірім қателіктерге жол беріледі, бұл тапсырманың жақсы жалпы деңгейіне әсер етпейді.	Негізделген ғылыми ережелердің қолданылуы туралы тұжырымдар нақты емес және нәтижесіз, стилистикалық және грамматикалық қателіктер бар, сонымен қатар практикалық шешімнің нәтижелерін өңдеуде дәлдік жоқ	Тапсырма өрескел қателіктермен орындалды, сұрақтарға жауаптар толық емес, тұжырымдамалық материалдар мен дәлелдер нашар пайдаланылды.	Тапсырма орындалмады, қойылған сұрақтарға жауаптар жоқ, талдау материалдары мен құралдары пайдаланылмады. Қорытынды бақылау жүргізу қағидаларын бұзу.

Емтихан билеттері 3 сұрақтан тұрады. Дұрыс орындалған тапсырмалар үшін ең көбі-100 балл, оның ішінде бірінші сұраққа – 30 балл, екінші сұраққа-30 балл, үшінші сұраққа – 40 балл.